

Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

(Ересектерге мемлекеттік тілді үйрету бағдарламасы)



Дайындаған: Ұ. Бектемір

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе.....	3
Курсқа жалпы сипаттама. Бағдарлама мақсаты, міндеті.....	
Лексика-грамматика, күтілетін нәтижелер.....	
II. Бағдарламаны меңгертудің әдістемелік негіздері.....	4
Тілді оқытуда басым қолданылатын педагогикалық технологиялар, қазақ тілін жеделдете оқытудың алгоритмі.....	
Оқыту технологиясының маңызды сипаттары, классикалық оқудан айырмашылығы.....	
III. Күнтізбелік-тақырыптық жоспары.....	5-12
IV. Лексикалық минимум үлгілері.....	13-19
Азық- түлік дүкенінде, базарда.....	
Асхана мен мейрамханада.....	
Іссапарда.....	
Теміржол бекетінде, автобекетте.....	
“Анықтама бюросында” (в “Справочном бюро”).....	
“Кассаның жанында”.....	
Қала ішін бағдарлау.....	
Қоғамдық көлікте. Аялдамада.....	
Шаштаразда, сән салонында.....	
Емханада. Дәріханада.....	
Шынықсаң, шымыр боласың!.....	
V. Оқылым мәтіндерінің үлгілері.....	20-23
1-мәтін. Ер жігіт.....	
2-мәтін. Салауатты өмір салты.....	
3-мәтін. Демалысым.....	
4-мәтін. Бос уақытым.....	
5-мәтін. Ғылым мен техника.....	
6-мәтін. Сауда жасау.....	
7-мәтін. Түскі үзіліс.....	
8-мәтін. Іссапар.....	
9-мәтін. Сапараңыз сәтті болсын!.....	
10-мәтін. Қала ішін бағдарлау. Қонақ.....	
11-мәтін. Аялдамада.....	
12-мәтін. Шаштаразда.....	
VI. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	23

Кіріспе

Курсқа жалпы сипаттама.

Бағдарлама 100 аудиториялық сағатты қамтиды. Мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқыту жүйесінің базалық деңгейінің бұл сатысында стандарт бойынша тыңдаушы 1500-1800 лексиканы меңгереді.

Бағдарлама кімдерге арналған?

Қазақ тілінің B1 деңгейі бойынша аздаған сөздік қоры бар, шағын сұхбаттарды түсінетін, өзі де сөйлеуге әрекет жасайтын өзге ұлт өкілдеріне арналған.

Бағдарлама мақсаты:

Қазақ тілін қарапайым деңгейде білетін басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін жетілдіру.

Бағдарлама міндеті:

- Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерген тілдік дағдыларын одан әрі жетілдіру;
- Лексика-грамматикалық тақырыптарды тереңірек қамтып, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін жете меңгерту;
- Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға жаттықтыру;
- қазақ тілінде тартымды, қысқа әңгімелердің мазмұнын, мәтіндерді жүйелі баяндай білу шеберліктерін арттыру;

Күтілетін нәтижелер:

Курсты аяқтаған тыңдаушы стандартқа сәйкес қазақша пассив қор жинақтауы қажет. Сөйлеу кезінде пайдаланылған әр түрлі сөйлемдерді, өзінің жеке басы мен отбасына қатысты ақпаратты, сауда-саттыққа байланысты мәліметтерді түсініп, оған жауап береді.

Грамматика:

Бұл бағдарламада тіл үйренушілер фонетика, лексикология салаларындағы басты тақырыптармен, есім сөз таптары және олардың түрленуімен танысады.

Лексика:

Тыңдаушылардың сөздік қорын молайту мақсатында әр түрлі қоғамдық орындарда қазақ тілінде қарым-қатынасқа түсе білудің үлгілері ұсынылды.

Күтілетін нәтиже: қамтылған тақырыптар бойынша сөздік қорлары артады, оларды сипаттап, бейнелеп айту дағдылары дамиды, қазақ тілін базалық деңгейде меңгереді.

Тіл үйренушілер білуі керек:

- қазақ тілін қарапайым деңгейде білу;
- оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларының қарапайым дағдыларын біршама білуі керек.

Тіл үйренушілер игеруі керек:

- ❖ В1 деңгейіне сәйкес келетін мәтіндерді түсініп, одан керекті ақпараттарды таба білуі;
- ❖ әрбір тақырыптан өзінің үйренгені туралы айтып бере алу;
- ❖ естігенін түсіне білу, оқығанын түсінікті қабылдай білу, қазақ тілінде базалық деңгейде жаза білу және тілдік құрылымды дұрыс пайдаланып, сөйлей білу қабілеті.



Барлығы: 100 сағат

БАҒДАРЛАМАНЫ МЕНҒЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ:

Тілді оқытуда басым қолданылатын педагогикалық технологиялар, қазақ тілін жеделдете оқытудың алгоритмі:

1. Ынтымақтастықта оқыту технологиясы;
2. Қатысымдық оқыту;
3. Жобалау технологиясы;
4. Қашықтықтан оқыту технологиясы;
5. Тандем әдісі;
6. Оқытудың интенсивті әдісі;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технология;
8. Аудиовизуалды технология т.б.

Оқыту технологиясының маңызды сипаттары, классикалық оқудан айырмашылығы:

- а) нәтижелілік (тіл үйренуші жетістігінің жоғары деңгейі);
- ә) үнемділік (көлемді оқу материалын меңгеруге аз уақыт жұмсау);
- б) эргономикалы (оқыту ынтымақтастық жағдайында өтеді, шаршатпай, тым артық жүктеме берілмей, жағымды микроклимат туғыза отырып, жүргізіледі);
- в) пәнді оқыту барысындағы жоғары мотивация тіл үйренушінің сабаққа қызығушылығын арттырады, жеке сапаларын жетілдіреді, мүмкіндіктерін ашады.

«Мемлекеттік тіл – менің тілім» ересектерге мемлекеттік тілді үйрету бағдарламасының

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Лексикалық тақырыбы	Грамматикалық тақырыбы	Сағат саны	Сабак түрі	Күтілетін нәтиже
1	Сәлемдесу	Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Үндестік заңы. Орфография және орфоэпиялық заңдылық	2	сұхбат	Тіл қолданушы сәлемдесу, танысу, жөн сұрасуды білуі керек.
2	Отбасы мәселелері	Сөз құрамы. Жалғау және жұрнақ	2	сұхбат	Әр отбасында болатын мәселелер, ер азамат, әйел адам, отбасындағы әйел рөлі. Туыстық қарым-қатынас туралы мәліметті дұрыс қолдана алуы.
3	Мамандық таңдау	Біріккен сөздер. Қос сөздер	2	мәтінмен жұмыс	Мектеп түлектерінің мамандық таңдардағы алғышарты. Дамушы Қазақстанның өнеркәсіп саласында жаңа техникаларды игеру, оларды дұрыс қолдана білу жаңа мамандарға деген сұранысты арттыруы.
4	Мамандықтың бәрі жақсы	Зат есімнің септік жүйесі	2	аралас	Бүгінгі таңдағы сұранысқа ие мамандық нанотехнология және биотехнология туралы мағлұмат

					алу.
5	Жұмыс және мансап	Атау, ілік септіктері	2	сұхбат	Мекемедегі әріптестердің ара-қатынасы, сөйлеу әдебі және жұмыс барысымен таныс болу.
6	Менің жұмыс орным	Барыс, табыс, көмектес септіктері	2	аралас	Жұмыс орнының орналасу мекен-жайы, кабинетінің жабдықталуы.
7	Аралық бақылау	Тест	2	бақылау	Мекеменің жұмыс уақыты, апталық және айлық жұмыс күні.
8	Латын әліпбиінің жаңа үлгісімен таныстыру	Қыстырма сөз. Сын есім тудырушы жұрнақтар	2	машықтық	Адам арасындағы қарым қатынас, сөз әдебін қалыптастыру.
9	Достық – ұлы сезім	Сын есім. Салыстырмалы шырай	2	сұхбат	Адам арасындағы қарым қатынас, сөз әдебін қалыптастыру.
10	Қазақстандағы білім беру жүйесі (мектеп, жоғарғы оқу орны)	Сын есім. Асырмалы шырай.	2	машықтық	Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. Білім беру жүйесінің құрылымы мен принциптері. Орта білім беру жүйесі. Мектептің жаңа түрлері, гимназия, лицей. Кәсіптік мектеп, лицей, колледждер, институт, университет, академиялар туралы толық мағлұмат алу. ХХІ ғасыр – ақпараттық технологияның кең қолданылуы.
11	Қызығушылығы (спорт, музыка, театр, бейнелеу өнері, саяхаттар)	-сыз, -сіз болымсыз жұрнағы. Өз есімдігі. Қалау рай	2	машықтық	Адам бойындағы ұнамды қасиет, белгілі бір іске ерекше құмарту, қызыға шұғылдану. Кәсіби маман болмай-ақ кейбір қызмет саласымен ыждағатты түрде айналысу.
12	«Латын әліпбиіне менің көзқарасым»	Эссе	2	жазба жұмысы	Латын әліпбиіне көшу – сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын

	тақырыбында тіл үйренушілер арасында эссе жазу				ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым мен жазылым талаптарын жүйеге түсіру.
13	Жұмыс күні	Сан есімдердің түрлері, олардың қолданылуы	2	машықтық	Бір күндік күн тәртібін жоспарлай алу.
14	Күн тәртібім. Демалысым	Реттік сан есім	2	машықтық	Мекеменің жұмыс уақыты, апталық және айлық жұмыс күні. Демалыс күндері.
15	Қазақстан қалалары	Топтық сан есім	2	аралас	Қазақтанның бұрынғы көне қалалары және атаулары туралы мәлімет беру. Қала мен даланың маңызы.
16	Қазақстанда жасалған өнімдер	Болжалдық сан есім	2	машықтық	Қазіргі кездегі ұлттық өнімдердің сапасы, еліміздегі тауар өндірушілер мен өнімдері туралы мағлұмат алу.
17	Ел ордасы - Нұрсұлтан	Бөлшектік сан есім	2	аралас	Ел ордамыз Нұрсұлтанның бүгінгі көрсеткіші. Халықаралық іскерлік және мәдени орталыққа айналуы.
18	Аралық бақылау	Тест	2	бақылау	Тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, т.б.) негізінде жүзеге асады.

19	Ұлттық мерекелер	Есімдіктің септелуі	2	аралас	Дәстүрлі қазақ қоғамының өмірінде мерекелердің күні, атаулары және шығу тарихы туралы мәлімет беру. Мерекемен құттықтау түрлері (туған күн, мереке, мерейтой, қоныстой, сәбидің дүниеге келуі, емтиханды жақсы тапсыру, аттестациядан өту, марапатталу, диплом алу және т.б.)
20	Денсаулық – зор байлық	Өздік есімдік	2	сөздікпен жұмыс	Адам денсаулығының мән-маңызы, жеке адам және жалпы халықтың денсаулығы, салауатты өмір салтын сүру.
21	Адамдар арасындағы қарым-қатынас	Сұрау есімдігі	2	аралас	Әңгімелесушіден мәліметті түсінгенін, түсінбегенін сұрау арқылы, қайта сұрау арқылы қажетті мәліметті алу.
22	Іс-сапарға шығу және іс-сапардан қайту	Белгісіздік есімдігі	2	машықтық	Іскер адам. Іссапарға шығу және іссапардан қайту шығындары, керекті құжаттары туралы мәлімет беру.
23	Аралық бақылау	Диктант	2	жазба жұмысы	Тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, т.б.) негізінде жүзеге асады.
24	Тылсым табиғат	Етістік. Етістіктің рай категориясы	2	машықтық	Адам және табиғат. Ғаламдық экология: экологиялық мәселелер. Айналадағы ортаны қорғау, табиғатты сақтаудың ұлттық, мемлекеттік бағдарламаларымен

					таныс болу.
25	Әлемде талай қызық бар	Шартты рай	2	аралас	Жер біздің ортақ үйіміз. Қазіргі ғаламдық мәселелер. Жерден тыс өркениеттер. Гипотеза, болжамдар.
26	Өмір сүру салты	Бұйрық рай	2	машықтық	Жеке бастың материалдық, рухани және мәдени ортасын қалыптастыру.
27	Қазақ халқының ұлттық ойындары	Өзгелік етіс	2	аралас	Ұлттық спорт түрлерімен таныстыру, Қазақстанның спорт саласындағы жетістіктерімен таныстыру.
28	Тілім - тұғырым	Бұрынғы өткен шақ	2	машықтық	Қазіргі әлемдегі шет тілдері, олардың адам өміріндегі рөлі, маңызы, қазақ тілін оқу, меңгеру тәсілдері туралы білуі.
29	Спорт қырандары	Мақсатты келер шақ	2	аралас	Ұлттық спорт түрлерімен таныстыру, Қазақстанның спорт саласындағы жетістіктерімен таныстыру.
30	Латын әліпбиіне көшу бүгінгі өркениетті дәуіріміздің басты талабы.	Диктант	2	машықтық	Тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, шығарма, т.б.) негізінде жүзеге асады.
31	Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктері	Есімдікті қайталау	2	машықтық	Адам және экономика. Экономика және оның қоғам өміріндегі бағасы туралы мәлімет алу. Бүгінгі күнгі кісіпкерлік саласы мен бизнестің экономикаға әсері.

32	Адам және қоғам, тіл мәселелері	Көмекші етістіктер	2	бақылау	Қоғамда орын алатын тіл мәселесінің шешімін табу. Қоғам мен тіл мәселесінің қарым-қатынасы.
33	Аралық бақылау	Мазмұндама	2	машықтық	Тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, шығарма, т.б.) негізінде жүзеге асады.
34	Қазақстандағы экологиялық ұйым	Үстеу. Оның мағыналық түрлері	2	машықтық	Экология. Экологиялық мәселелер. Айналадағы ортаны, табиғатты, адамды қорғау. Табиғатты аялау Туған өлке экологиясы. Табиғатты аялау Туған өлке экологиясы
35	Бұқаралық ақпарат құралдары	Мезгіл үстеуі. Синоним	2	машықтық	БАҚ-тың атқаратын қызметі. Қоғамдағы алатын орны туралы мәлімет беру. Баспасөз конференциясын өткізу.
36	Спорт қырандары	Мекен үстеуі. Омоним	2	сұрақ-жауап	БАҚ-тың атқаратын қызметі. Қоғамдағы алатын орны туралы мәлімет беру. Баспасөз конференциясын өткізу.
37	Музыка әлемінде	Мөлшер үстеуі. Антоним	2	жазба жұмысы	Адамның эстетикалық дамуы, мәдениетін жайлы мағлұмат беру.
38	Театр – біздің заманымызда	Сын – қимыл (бейне) үстеуі	2	машықтық	Өнер және қоғам. Адамның рухани және эстетикалық дамуы. Бүгінгі қоғамдағы театрдың атқаратын ролі

					туралы ой бөлісу.
39	Қазақстандағы туризмнің өркендеуі	Себеп-салдар үстеулері	2	машықтық	Туризм инфрақұрылымының дамуы. Тарихи және мәдени орталықтардың бүгінгі жағдайы, ҚР экономикасына пайдасы туралы мәлімет алу. Саяхатқа шығу.
40	Аралық бақылау	Тест	2	машықтық	Тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, т.б.) негізінде жүзеге асады.
41	Ауылым – алтын бесігім	Шылау. Жалғаулық шылаулар	2	аралас	Ауыл тарихымен таныстыру. Ауылдың мәдени ортасы, тарихы және табиғи ортасы, шаруашылығы, экономикасының дамуы.
42	Қоғамдағы басты мәселелер	Кезектес жалғаулықтар	2	машықтық	Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас. Қоғамда орын алатын басты мәселерді шешу жолдарын білу.
43	Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан	Ыңғайластық жалғаулықтар	2	машықтық	Қазақстанның бүгінгі даму қарқыны. Саяси және мәдени экономикамыз туралы мәлімет беру.
44	Мемлекеттік тіл – менің тілім	Қарсылықты жалғаулықтар	2	машықтық	Қазақстанның бүгінгі даму қарқыны. Саяси және мәдени экономикамыз туралы мәлімет беру.
45	Рәміздер мақтанышым	Демеуліктер. Септеуліктер	2	машықтық	Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту.
46	Аралық бақылау	Мазмұндама	2	жазба жұмысы	Тыңдаушылардың білім, білік,

					дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, т.б.) негізінде жүзеге асады.
47	Қазақстанның шетелмен байланысы	Одағайдың түрлері	2	машықтық	Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының белсенділігі. Халықаралық аренада мемлекетіміздің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларымен толық танысу.
48	Байырғы ұлы тұлғалар	Синтаксис. Жай сөйлем. Құрмалас сөйлем	2	аралас	Қазақтың байырғы ұлы тұлғалардың өмірі, шығармашылығымен таныстыру.
49	Мерекелік тілектер, баталар	Төл сөз. Төлеу сөз. Диалог. Монолог. Полилог	2	аралас	"Мереке күндері айтылатын бата-тілектер" тақырыбындағы ашық сабақ. Мерекеге байланысты айтылатын бата, тілек сөздерінің күнделікті өмірде рухани құндылықтарды арттыруда қолданылу аясын кеңейту әрі білім алушылардың өз бетімен бірлесе отырып жұмыс істеу, ізденіс қабілеттерін арттыру
50	Аралық бақылау	Диктант	2	жазба жұмысы	Тыңдаушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, бағалау. Белгілі бір әдістерді қолдану (диктант, тест, сұрақ-жауап, т.б.) негізінде жүзеге асады.
<p>Қорытынды: Барлығы – 100 сағат</p>					

ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ ҮЛГІЛЕРІ:

Азық- түлік дүкенінде, базарда

- азық-түлік дүкені – продуктовый магазин
- нан өнімдері бөлімі – хлебный отдел
- сүт өнімдері бөлімі – молочный отдел
- ет бөлімі – мясной отдел
- тәтті тағамдар бөлімі – отдел “Сладости”
- қант – сахар
- кәмпит – конфеты
- құмшекер – сахар-песок
- жарма – крупа
- қарақұмық – гречка
- күріш – рис
- кеспе – лапша
- кілегей – сливки
- май – масло
- қаймақ – сметана
- сүзбе – творог
- ірімшік – сыр
- еріткен май – топленое масло
- айран – кефір
- сүт – молоко
- алуа – халва
- бір қорап кәмпит – коробка конфет
- арақ – водка
- шарап – вино
- тоқаш – булочка
- нан – хлеб
- ақ нан – белый хлеб
- қара нан – серый хлеб
- жаңа піскен нан – свежий хлеб
- ет – мясо
- шошқа еті – свинина
- қой еті – баранина
- сиыр еті – говядина
- жылқы еті – конина
- шұжық – колбаса
- бауыр – печень
- бүйрек – почка
- сүйек – кость
- жүрек – сердце
- қаз еті – гусиное мясо
- тауық еті – курица

- алма – яблуко
- алмұрт – груша
- сәбіз – моркво
- картоп – картофель
- қияр – огурец
- пияз – лук
- сарымсақ – чеснок
- қызанақ – помидор
- қырыққабат – капуста
- шалғам – редиска
- аскөк – укроп.

Нан өнімдері бөлімінде

- Нан жаңа піскен бе?
- Әрине, біз ылғи жаңа піскен нанды сатамыз.
- Маған бір бөлке ақ нан, екі тоқаш беріңізші.
- Нан – 35 теңге, ал екі тоқаш 30 теңге тұрады.
- Міне, ақшаны алыңыз. Рақмет.

Сүт өнімдері бөлімінде

- Бір литр сүт неше теңге тұрады?
- Бір литр сүт отыз екі теңге тұрады.
- Маған бір литр сүт, жарты кг май өлшеңізші.
- Қаймақ алмайсыз ба?
- Жоқ, рақмет. Қанша төлеуім керек?
- Жүз тоқсан теңге төлейсіз.

Тәтті тағамдар бөлімінде

- Маған 1 кг кәмпит өлшеп беріңізші.
- Міне, алыңыз. Тағы не алайын деп едіңіз?
- 1 қорап кәмпит қанша тұрады екен?
- Жүз елу теңге тұрады. Сатып аласыз ба?
- Жоқ, келесі жолы алармын. Қазір ақшам аз екен.

Арақ-шарап бөлімінде

- Мен екі шөлмек арақ алайын деп едім.
- Үш жүз он теңге. Тағы да бірдеңе аласыз ба? Жақсы шараптар да бар. Олардың бағасы қымбат емес. Мерекеге қарсы алмайсыз ба?
- 1 шөлмек шарап қанша тұрады?
- Екі жүз елу теңге тұрады. Бұл ең арзан шарап.
- Онда маған екі шөлмек ақ арақ, бір шарап және екі шампан беріңіз.
- Жақсы, міне, алыңыз. Мерекеңіз құтты болсын!
- Рақмет, бірге болсын. Сау болыңыз!

Базарда

- Сіз азық-түлікті неге базардан аласыз?
- Өйткені базарда олардың бағалары арзанырақ.
- Базар сағат сегізден кешкі алтыға дейін жұмыс істейді.
- Мұнда азық-түліктер арзанырақ, сондықтан адамдар оны осы жерден алады.
- Дүкенде бәрі қымбат, сондықтан базарға барайық.
- Сіз азық-түлікті қайдан аласыз?
- Базардан не дүкеннен.
- Жоқ, алмаймын. Керегі жоқ.

Асхана мен мейрамханада

- Дастарқан мәзірі – меню
- көз салайық – посмотрим
- біріншіге – на первое
- сорпа – бульон, суп
- кеспе – лапша
- палау – плов
- түшпара – пельмени
- дүнген кеспесі – дунганская лапша
- қазақша ет – мясо по-казахски
- сүт қатқан шай – чай с молоком
- сусындар – напитки
- даяшы – официант
- әркім өзіне-өзі қызмет етеді – самообслуживание
- Қазақ халқының сүт тағамдары – Казахская молочная кухня.
- Қазақ халқының ет тағамдары – Мясные блюда казахов.
- Мучные изделия казахов – Ұннан жасалған тағамдар
- Таңғы ас – Завтрак
- Түскі ас – Обед
- Кешкі ас – Ужин
- Таңғы ас ішемін – Завтракаю
- Түскі ас ішемін – Обедаю
- Кешкі ас ішемін – Ужинаю
- Сіз қандай тағамды жақсы көресіз? – Какие блюда вы предпочитаете?
- Мен қазы-қартаны жақсы көремін – Я предпочитаю казы\карта
- Сенің қарның ашты ма? – Ты проголодался?
- Менің қарным ашты. – Я голоден.
- Мен шөлдеп тұрмын. – Я хочу пить.
- Асханаға / мейрамханаға барайық. – Пойдемте в столовую / ресторан.
- Ұлттық тағамдар – национальные блюда
- Ас алып отырыңыз! – Берите, угощайтесь!
- Сізге салып берейін. – Давайте положу.
- Әуре болмаңыз! – Не беспокойтесь!

- Қол жалғап жіберіңізші! – Передайте, пожалуйста!
- Бәрі өте дәмді болды, көп рақмет! – Все было очень вкусно, спасибо большое!

Іссапарда

- жұмыс бабымен – по работе
- іссапар – командировка
- сапарым сәтті болды – поездка была удачной
- алдын-ала – заранее
- тауып алдым – нашел
- жолсерік – проводник
- көрсету – показывать
- Сіз іссапарға барасыз ба? – Вы поедете в командировку?
- Мен іссапарға барамын – Я поеду в командировку
- Сіз қай жаққа барасыз? – Куда вы едете?
- Мен Алматыға барамын. – В Алматы.
- Автобүспен барасыз ба? – Поедете в автобусе?
- Жоқ, пойызбен барамын. – Нет, поеду на поезде.

Теміржол бекетінде, автобекетте

- Бағыт – направление
- жол ақысы – стоимость проезда
- шығарып салушылар – провожающие
- кешігу – опоздание
- жолсерік – проводник
- жүргізуші – водитель
- жолаушы – пассажир.
- межелі жер – межеванное место

“Анықтама бюросында” (в “Справочном бюро”):

- Айтыңызшы, Астанаға дейін қандай пойыздар жүреді екен?
- Астанаға дейін бірнеше пойыз бар: № 220, 116 ...
- Билет қай пойызға арзанырақ болады?
- № 220 пойызға билет ... теңге тұрады.
- Бұл пойыз қай уақытта аттанады?
- Алматы уақыты бойынша сағат 4.40-та.

“Кассаның жанында”:

- Мен Алматыға барайын деп едім. Билет бар ма?
- Сізге қай күнге билет керек еді?
- Маған бүгін кету керек.
- Бір ғана билет қалыпты. Алтыншы вагон, 34-ші орын
- Рақмет!
- Жолыңыз болсын!

Қала ішін бағдарлау. Қоғамдық көлікте. Аялдамада

- ғафу етіңіз (ғапу етіңіз) – извините
- жолақы – стоимость проезда (плата за проезд)
- орын – место
- бос – свободно
- өтіп кету – пройти
- рұқсат ету – разрешить
- жолаушы – пассажир
- түсу – выйти
- жету – добираться
- төлеу – платить.
- Таба алмай жүрмін – не могу найти
- Вокзалдан орталыққа дейін қандай көлік жүреді?
- Орталыққа қандай көлік барады?
- Орталыққа троллейбус та, автобус та жүреді.
- Кешіріңіз, теміржолбеткегіне қалай жетуіме болады? – Извините, как можно доехать до железнодорожного вокзала?
- Әуежайға қалай жетуге болады? – Как проехать в аэропорт?
- Оңға бұрылыңыз – Поверните направо.
- Солға бұрылыңыз – Поверните налево.
- Орталық базар қайда? – Где Центральный базар?
- Екінші автобуспен барыңыз. – Поезжайте на автобусе номер два.
- Келесі аялдамадан түсіңіз. – Выходите на следующей остановке.
- Жақын жерде қонақ үй бар ма? – Есть поблизости гостиница?
- Аялдама – остановка
- қоғамдық көлік – общественный транспорт
- өтіп кету – пройти
- межелі жер – межеванное место.
- Сіз жұмысқа немен барасыз? – Вы на чем поедете на работу?
- Мен жұмысқа он екінші автобуспен барамын. – Я поеду на работу на двенадцатом автобусе.
- Билетке ақшаны беріп жіберіңізші -Передайте, пожалуйста, деньги на билет.
- Неше аялдама болады? – Сколько остановок будет?
- Қалай жетуге болады? – Как можно доехать?
- Бұл аялдамаға он екінші автобус тоқтай ма? – На этой остановке останавливается №12 автобус?
- Басқа қандай көлік барады? – Еще какой транспорт едет?
- Төртінші троллейбусқа отырыңыз. – Садитесь на четвертый троллейбус.
- Автобустар жиі жүре ме? – Как часто ходят автобусы?
- Жолақысы қанша тұрады? – Сколько стоит проезд?
- Келесі қандай аялдама? – Какая следующая остановка?
- ... аялдасына дейін алыс па? – Далеко ли до остановки ...?

- Соңғы аялдама қай жерде? – Где будет последняя остановка?

Шаштаразда, сән салонында

- Шаштараз – парикмахерской
- ақ шаш – седые волосы
- бұйра шаш – кудрявые волосы
- қарын шаш – утробные волосы (волосы новорожденного)
- қолаң шаш – роскошные волосы
- самай шаш – волосы на висках
- шаш алу – сбрить волосы
- шаш қию – стричь волосы
- шаш тарау – расчесывать волосы
- шаш бұйралау – завивание волос.
- Жақын жерде шаштараз бар ма? – Скажите, пожалуйста, есть ли поблизости парикмахерской?
 - Шашымды алғызайын/қиғызайын деп едім. – Я хочу подстричься.
 - Аздап қысқартсаңыз жетеді. – Чуть-чуть подравняйте.
 - Шашымды бояп беріңізші. – Покрасьте, пожалуйста, волосы.
 - Шашымды бұйралап беріңізші. – Сделайте, пожалуйста, завивку.
 - Осылай дұрыс па? – Так хорошо?
 - Тырнағымды бояп беріңізші. – Пожалуйста, покрасьте мне ногти.
 - Қасымды жұлдыртайын деп едім.
 - Салтанатты кездесуге бояндырып берсеңіз.
 -

Емханада. Дәріханада

- Мен ауырып тұрмын. – Я болею.
- Мен ауырып қалдым. – Я заболел(а).
- Маған суық тиді – Я простудился.
- Менің басым ауырады – У меня болит голова.
- Қызуым қатты көтеріліп тұр. – У меня высокая температура.
- Қауіпті ештеңе жоқ. – Ничего серьезного.
- Тіркеу орны – Регистратура
- Бұл дәріні қалай қабылдау керек? – Как принимать это лекарство?
- Маған дәке (мақта, йод, витаминдер) беріңізші. – Дайте, пожалуйста, бинт (вату, йод, витамины).
- Күніне үш рет – три раза в день
- Ас алдында – перед едой
- Ас соңынан – после еды
- Дәріні уақытында ішіңіз. – Принимайте лекарство во время.
- Ауырмаңыз! – Не болейте!
- Өзіңізді күтіңіз! – Берегите себя!

Шынықсаң, шымыр боласың!

- күрес – борьба
- еркін күрес – вольная борьба
- ұлттық спорт ойындары – национальные виды спорта
- спортшы – спортсмен
- жүгіру – бег, бегать
- жанкүйер – болельщик
- қысқы спорт түрлері – зимние виды спорта.
- Сізге спорт ұнайма? Сіз спортты ұнатасыз ба?– Вам нравится спорт?
- Спорттың қай түрімен айналысасыз? – Каким видом спорта вы занимаетесь?
 - Мен суға жүзумен, қазақша күреспен, еркін күреспен айналысамын. – Я занимаюсь плаванием, казахша курес, вольной борьбой.
 - Сіз қандай ұлттық спорт ойындарын білесіз? – Какие национальные виды спорта вы знаете?
 - Қазақстанда бәйге, қыз қуу сияқты ойындар кең тараған. – В Казахстане широко распространены такие виды спорта, как байга, догони девушку.
 - Спортшылардың арасында чемпиондар көп пе? – Среди спортсменов много чемпионов?

Іссапарда

- Маған қала орталығына жақын қонақ үй керек. – Мне нужна гостиница недалеко от центра.
 - Мен аса қымбат емес бөлмені қай жерден жалдай аламын? – Где я могу снять не очень дорогую комнату?
 - Маған бір кісілік бөлме керек. – Мне нужен одноместный номер.
 - Бізге екі кісілік бөлме керек. – Нам нужен двухместный номер.
 - Бос орындар бар ма? – Есть свободные номера?
 - Менің атыма алдын-ала әзірленген бөлме болуы керек. – На мое имя должен быть забронирован номер.
 - Тәулігіне қанша төлеу керек? – Сколько стоит номер в сутки?
 - Ақыны алдын-ала төлеу қажет пе, әлде кетерде ме? – Надо платить вперед или при отъезде?
 - Есептесейік, мен қанша төлеуім қажет? - Я хочу оплатить счет, сколько я должен?
 - Мен бір аптаға келдім. – Я приехал на неделю.
 - Қонақ үйде мейрамхана бар ма? – В гостинице есть ресторан?
 - Қызмет көрсету төлемінің ішіне кіре ме? – Услуги включены в оплату?
 - Біз бүгін жүреміз. – Мы сегодня уезжаем.

ОҚЫЛЫМ МӘТІНДЕРІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ:

1-мәтін

Ескі ауылда ер жүрек, еті тірі жігіт дегендер болатын. Ер жігіт-мінер ат, ішер ас, киер киімін кем ұстамайтын; дәулеті мол болсын, шағын болсын, көңіл көтеріңкі жүретін, беруге де, алуға да шыдайтын, айтқан сөзіне тұрақты, қайғыға қайсар, жүрген жері думан болатын. Еті тірі жігіт те өзін ер жігітпін деп түсінеді. Бірақ оның «қысқа жібі күрмеуге келмейді», «жоқшылық жомарт ердің қолын байлайды», «бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтар» деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, басын тауға да, тасқа да ұрып, ер жігіттік дәрежеге жеткісі келеді. Ондайларға қуған үміт қашқан түлкідей сыландап, өмір адырларынан анда-санда бір көрініп қап, кейде шалдырмайды.

(С. Мұқанов.)

2-мәтін

Әр адам баласы салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Дене тәрбиесімен шұғылданып, уақытымен дұрыс тамақтанған жөн. Қоршаған ортадағы әр түрлі зиянды, жағымсыз әрекеттерден аулақ болып, тазалық пен санитарлықшараларды сақтауымыз қажет. Ауруды ағзаларға жолатпау - адамдардың өз қолында.

Мен спортпен шұғылданғанды ұнатамын. Әсіресе, жеңіл атлетика, көркем гимнастика қызықтырады. Күнделікті өмірде дене тәрбиесімен айналысуды әдетке айналдырғанмын.

3-мәтін

Мен демалыс күндерін тиімді өткізуге тырысамын. Сенбі күндері үй шаруасымен айналысып, барлық жұмыстарымды бітіремін. Жексенбі күндері бос уақытымды серуендеуге, қыдыруға арнап, демаламын. Кейде театрға, саябаққа барамын. Үйде теледидар қараймын. Демалыс күндері өзім жақсы көретін тағамдарды әзірлеймін. Бірде туыстарыма, жолдастарыма қыдырып барсам, енді бірде оларды өз үйіме қонаққа шақырамын.

Еңбек демалысын жаз айларында аламын. Ол кезде қаладан өзге жақтарға барып қыдырғанды ұнатамын.

4-мәтін

Мен бос уақытымда демалыс орындарына барып тұрамын. Әсіресе, театр мен саябақты ұнатамын. Аудан орталығында Құрманбек Жандарбеков атындағы театр бар. Театр сахнасында қазіргі заман драматургтері пьесаларымен қатар, әлемдік классикалық үлгідегі драматургтердің шығармалары қойылады.

Қаламызда орталық саябақ, балалар саябағы, және дендро саябағы бар. Демалыс кезінде отбасыммен және жолдастарыммен бірге осы саябақтарда серуендейміз.

5-мәтін

Қазіргі ХХІ ғасыр ғылым мен техниканың жоғары дамыған кезі. Күнделікті өмірде болып жатқан сан түрлі қоғамдық құбылыстардан ақпарат алып отыру үшін, теледидар жаңалықтарын тыңдап, ғаламтор деректерімен танысып қана қоюға болмайды. Әсіресе, қазіргі буын кітап оқуды көп қажет ете қоймайды. Ал, көркем шығармалар, деректі кітаптар оқу адам жанын байыта түседі. Сондықтан мен орталық кітапханаға және барып тұрамын. Газет-журналды қазақ тілінде оқуға тырысамын.

6-мәтін

Мен күнделікті қажетті тағамдарды үйдің жанындағы азық-түлік дүкенінен аламын. Нан, сүт, айран, май және ыстық тағамның құрамына қосатын нәрселерді сатып аламын. Кейде демалыс күндері базарға барып келемін. Базардағы баға дүкенге қарағанда арзанырақ. Бірақ бұл күндері базарда адам өте көп болады. Ал басқа күндері базарға келуге менің уақытым жоқ. Сондықтан таңертең ерте барып алуға тырысамын. Мен базардан көбінесе көкөніс, жеміс-жидек алып қайтамын.

7-мәтін

Біздің жұмыс орнында сағат бірден екіге дейін түскі үзіліс уақыты болады. Бұл кезде біз асханадан түстенеміз. Бірден дастархан мәзіріне қарап, тапсырыс береміз. Бірінші ыстық тамаққа сорпа, екіншіге палау, кейде қазақша ет аламын. Сүт қатқан шайға аздап қант саламын. Асханадағы даяшы қыздар бізді әбден танып алған. Тапсырысымызды тез арада алып келіп, «Асыңыз дәмді болсын!» – дейді. Бұл асханада әркім өзіне қызмет көрсетеді. Біз рақметімізді айтып, жұмысымызға ораламыз.

Ал мерекелік жиындарда, мерейтойларда, тойларда мейрамханаларға барамыз.

8-мәтін

Іссапар – жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу.

ҚР Еңбек туралы заңынан.

Қызметкер өзінің тұрақты жұмыс орнынан басқа бір жерге іссапарға жіберілуі мүмкін. Іссапарға шығуға негіз болатын бірнеше себептер бар. Мысалы:

- Басқа қалада, өзге елді мекендерде ұйымдастырылған конференция, дөңгелек үстел, семинарларға қатысу;

- Біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу;

- Мекеме атынан көрме, жәрмеңкелерге қатысу т.б.

Іссапар барысында талап етілетін басты құжаттар:

- Іссапарға шығуға негіз болатын шақыру қағазы

- Іссапарға жіберу жөніндегі мекеме басшысының бұйрығы (өкімі)

- Іссапар куәлігі.

Іссапардан өзінің жұмыс орнына оралған қызметкер іссапар барысында атқарылған жұмыстар мен қаржылық шығыстар жөнінде есеп беруі тиіс.

- Сатып алынған жол билеттері
- Қонақүйде орналасқандығы туралы түбіртек
- Қолданылмаған қаражат кассаға, іссапар куәлігі кадр бөліміне қайтарылады.

9-мәтін

Басқа қалаға іссапарға шыққанда жердің алыс-жақындығына байланысты ұшақпен, пойызбен, автобуспен немесе жеңіл көліктермен жетуге болады. Ұшақтың жолақысы қымбат болғандықтан, мен алыс жердің өзіне де (Қазақстан жерінде) пойызбен жүремін. Іссапарға бару туралы бұйрық шыққаннан кейін бірден, жол жүру билетін алып қоюға тырысамын. Теміржолбекетіне немесе автобекетіне келіп, мерзіміне, жүру уақытына және бағасына келісіп жол жүру билетін аламын. Нешінші пойыз, қай уақытта және қай жерден жүретінін, межелі орынға кесте бойынша қай уақытта жететінін анықтап сұрап аламын. Олар мені «Сапарыңыз сәтті болсын!» – деп шығарып салады.

10-мәтін.

Қала ішін бағдарлау. Қонақ үйде.

Қазақ халқы «Танымайтын жердің ой-шұңқыры көп» деп бекер айтпаған. Басқа қалаға келгеннен кейін, межелі жеріңе жету үшін, таба алмай біраз уақыт жүріп қалуың да мүмкін. Бұндай жағдайда қолымыздағы бірінші мүмкіндік – жалдамалы такси ұстау. Олай болмаған жағдайда көшедегі адамдардан сұрастыруға тура келеді. «Сұрай-сұрай Меккеге де барасың», - деген қазақ халқы. Сол сияқты сұрай-сұрай өзің көздеген орынға да жетесің.

Мен іссапармен өзге қалаға келгенде қонақ үйге түскен өте орынды деп санаймын. Себебі, ешкімнің мазасын алмайсың, өзіңе де жайлы. Алдын-ала хабарласып, бөлмені әзірлетіп қойған да дұрыс.

11- мәтін

Аялдамада немесе қоғамдық көліктерде кейбір кезде дөрекі қылықтар мен ыңғайсыз жағдайларға кездесіп жатамыз. Бұл орындарда өзін дұрыс ұстай білу мәдениеттіліктің белгісі болып саналады. Автобус, трамвай, троллейбус немесе маршруттар әр адамның өз меншігі болмағандықтан, көп жағдайда өз-өзіңді ұстай білуге тиіссіз. Орынсыз нәрсеге ызаланып, ашу шақыру жақсы әдет емес.

Мен жұмысқа барарда «Жаңа құрылыс» аялдамасынан, ал үйге қайтарда «Орталық алаң» аялдамасынан «Шымкент–Ақсукеңт» автобусына отырамын. Бұл жерден басқа да көліктер жүреді. Алайда мен осы автобусқа үйреніп алғанмын және ол өте жиі жүреді.

12-мәтін

Әрбір адам өзін күтініп, қоғамдық орындарда бет пішінін, киім киісін, жүріс-тұрысын ретке келтіріп ұстауға міндетті.

Менің үйімнің жанында шаштараз бар. Онда шаш қияды, бояйды, бұйралайды, қысқартады және тырнақ бояп, қас жұлады. Бұдан басқа да қызмет көрсету түрлері бар. Мен әр ай сайын шаштаразға барып, шашымды қидырттып, боятамын. Мерекелік кештерге, салтанатты жиындарға барардың алдында міндетті түрде шашымды сәндетемін, кейде бұйралатамын. Сосын сән салонына барып, бет әлпетімді ретке келтіртемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік күзiреттiлiктерi Қарапайым деңгей.Жалпы меңгеру»,Астана
2. «Сарыарқа » оқу әдістемелік кешені /I,II,III деңгей/.2009
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы/2007жылғы 27 шілде/
4. Тiлдердi қолдану меңдамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасы/Қазақстан Республикасы Президентiнiң2001жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекiтiлген/.
5. Қазтест жүйесін енгізу мен дамыту тұжырымдамасы /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі № 835 қаулысымен бекітілген/
6. Мемлекеттік қызметшілерге арналған үш деңгейлік оқу құралы /З.Ш.Ерназарова, Е.Е. Тiлегшов, Ж.А. Тұрлыбекова/2006
7. Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова,Р.С ,Рахметова, У.К.Исабекова, К.Е.Абиыр. Қазақ тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендер. Алматы, Жазушы, 2007
8. Д.Х.Аханова, А.М.Алдашева, З.К.Ахметжанова, Қ.Қ.Қадашева, Э.Д.Сүлей менова. « Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей». Оқу кешені, Алматы, «Арман ПВ»басылымы, 2002
9. З.С.Күзекова, Г.С.Пазылова, Е.К.Әбдірәсілов «Қазақ тілі. Тестілеу әдістемесі:көмекші құрал». Астана ,2007
10. З.С.Күзекова,Г.С.Пазылова, Е.К.Әбдірәсілов Әбдірәсілов «Қазақ тілі тестілеу теориясы мен практикасы:көмекші құрал».Алматы,2007
11. Д.Х.Аханова, А.М.Алдашева, З.К.Ахметжанова,Қ.Қ.Қадашева, Э.Д.Сүлей менова. «Ресми-іскери тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, Алматы,2005
12. А.Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 2008
13. <http://tilder.kz>
14. <http://ustaz.kz/sait-bolimder>
15. <http://sabaktar.kz>

